

**«Музыкалық колледж-дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат
кешені» ММ**

Әдістемелік баяндама

**«Киелі аспап қобыз арқылы қазақ халқының тарихын,музыкалық мәдениетін
,ұлттық музыкасын насихаттай отрып , музыкалық білімін жетілдіру»**

Дайындаған:

ҚХА бөлімінің арнайы пәндер оқутышысы
Гульназ Базарханова

Павлодар

Әдістемелік баяндама
Дайындаған Гульнаز Базарханова Канатбековна
ҚХА бөлімінің арнайы пәндер оқутышысы

Бөлім отырысында қарастарылды
Бөлім басшысы Р.А.Нагишипаева

«16» 02 2025 ж. № 6 хаттамасы
қолы 

Колледждің әдістемелік кеңесімен мақұлданды
Әдістемелік кеңесінің төрайымы
Гатина З.А.

«11» 03 2025 ж. № 2 хаттамасы
қолы 

«Киелі аспап қобыз арқылы қазақ халқының тарихын, музикалық мәдениетін, ұлттық музикасын насхаттай отырып, музикалық білімін жетілдіру».

Kіріспе

Ал түлғаны музикаға тәрбиелеу дегеніміз – ол баланың бойында белгілі бір қызығушылықты ояту, қажетті құндылық бағдарын, соның ішінде пайдалы іс-әрекеттерді қалыптастыру, дарындылық көзін ашу деген сөз. Қабілет дегеніміз – білгілі бір немесе бірнеше істі үздік орындауға мүмкіндік беретін адамның әр түрлі жеке қасиеттері, ал дарындылық дегеніміз – қабілеттердің өте жоғары деңгейі. «Бұлақ көрсөң көзін аш», – дегендей, өнерлі өрендеріміздің өнегелі болуына үлес қосу – үстаздық борышымыз.

Хрестоматияға қазақтың халық әндерінен бастап, халық композиторларының ән-күйлері, кейінгі Қазақстан композиторларының ән-күйлері, кейінгі Қазақстан композиторларының туындылары, сондай-ақ басқа халықтардың бұрыннан қобызда ойналып жүрген шығармалары сұрыпталып, беріліп отыр. Мұндағы берілген шығармалардың реті оқушының сынныбына, орындаушылық деңгейіне, техникалық есүіне қарай жеңіл шығармадан күрделі шығармаға қарай біртінде жүйеленіп берілді.

Неізгі болім

Iс-тәжірибелің мақсаты

Арнаулы мамандық бойынша сабак беретін мұғалім. Әр баланың өзіндік қасиетін әбден танып білуге, шығармашылық белсенділігін дамытып, олардың дарын мүмкіндігін айқындаі түсү үшін үшін қолайлы жағдай жасауға міндетті.

Баланың музикалық орындаушылық тәсілін жетілдіре түсудің ең басты шарты-оң қол мен сол қолды еркін, әрі табиғи түрде дұрыс ұстауға қолдың қойылымын үйрету иықтан бастаған жөн. Оқушы аспапта ойнау кезінде денесін тігірек ұстап, қолдың, иық, шынтақ, буын, білезік, саусақтарына дейін емін-еркін ұстап үйрету.

Баланың қабілетіне орай шығарма, этюдтар беру, гамма ойнату. Әрбір оқушыға дұрыс бағдар беріп, олардың дербес қабілеттерін ескеремін, түрлі жағдайжағдайларда немесе оларды қызықтырамын мәселелерде шешім табамын.

-Балаларды музикалық –эстетикалық тәрбиелеу.

-Дарынды балалармен жұмыс жасау.

-Балалармен техникалық және музикалық білімін дамыту.

-Алдына қойылған мақсатты орындау.

-Балаларды конкурстарға қатыстыру.

Әдістемелік амалдардың жүйелі қолданылуы, оқыту мақсатын орындалуы оқытушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынасқа тәуелді болуы себепті, әрбір оқушымен жекелей жүргізілетін мамандық сабағында оқытушыдан іскерлік талап етіледі.

Қобыз түрлері. Прима қобыз

Прима – қобыз – төрт сым ішек тағылатын, көлемі жағынан қобыздар тобындағы ең көне аспап. Ноталары скрипка кілтінде жазылып, еш өзгеріссіз сол қалпында ойналады. Квинта арқылы құлақ күйі келтіріледі. Дыбыс көлемі кіші октаваның соль дыбысынана дейінгі аралықта болады.

Прима – қобыз үнге бай, техникалық мүмкіндігі мол, оркестірдің бетке ұстар аспабы болып саналады. Оған көбінесе негізгі әуенде жүргізу жүктеледі. Штрихтың түр – түрін қолдану арқылы оның әр түрлі дыбыс бояуын пайдаланумен қатар түрлі регистрдегі фигуralар мен пассаждарды ойнауға болады.

Сонымен бірге прима – қобызда әр түрлі мелизмдер – трельдер мен дыбыстық әшекейлерді ойнау жылдам екпінде музакының өзінде де көп қындықтар тудырмайды. Гамма ойнау аспап ұйренуде үлкен маңызы бар жаттығу жұмысына жатады. Гамманы асықпай, жай ойнап, дыбыстың әдемілілігін, тазалығына, бір дыбыстан екінші дыбыска, бір позициядан екінші позицияға көшкенде дыбысты ойнаған сайын таза алу жағына көп көңіл бөлген жөн. Гамманы біраз ойнап менгергеннен кейін, оны түрлі штрихтармен, әр түрлі екпінде ойнап, оң қол мен сол қолдың қымыл үйлесімін, саусақ жылдамдығын машықтандыра беру керек.

Қобыз адамның нәзік сезімін, қуаныш – қайғысын, ой – қиялын музика тілімен өте дәл, әдемі суреттейтін үнге аса бай, аса құнды аспап.

Ойнауы қыын, қолына алған адамның еркіне тез көне қоймайтын күрделі аспап. Қобыз ішегі саусақтың сыртымен яғни тырнақтың көбесімен басылады. Ишекті теріс басып, тырнақпен ойнайтын тәсіл қазіргі заманда ешбір музика аспабында жоқ, бұл қобыздың өзіне ғана тән ерекшелік. Сондықтан да бұл аспапты игеру музикалық қабілеті күшті, үлкен дарын иелерінің ғана қолынан келеді.

Пәнді оқыту барысындағы оқытушының негізгі міндеттері:

- жаңа пьесалармен танысып, оқып орындау;
- өткен шығармаларды қайталау;
- жаңа шығармаларды өз бетімен шыгару;
- гамма, жаттығу, этюдтермен жұмыстану, яғни оқу–жәрдемелік материалдармен жұмыстану;
- қазақтың халық аспаптарының шығу тарихымен таныстыру;
- танымал аса көрнекті орындаушы–музыканттардың орындаушылық стилі мен қағидаларын менгеру.

«Мамандық» пәнін өткен оқушы тәмендегідей талаптарды білуі шарт:

- қобыз аспабында ойнаудың алғашқы және негізгі міндеті – аппликатура мен штрихпен жұмыс жасау шеберліктерін білу;
- дыбыс шығарудың тәсілдерін менгеру;
- шағын және ірі көлемді шығармалармен жұмыс жасай білу;
- өз бетімен жұмыс жасай ала білу;
- танымал аса көрнекті орындаушы–музыканттардың орындаушылық стилі мен қағидаларын менгерге отырып оны талдай білу, солардың үлгілерімен жұмыс істей білу;

Қобыз тартууды үйрету әдістері

Ысқышты оң қолмен дұрыс ұстау тәсілі

Ысқышты ұстағанда оң қолдың алақаны тәмен қаратылып, ортаңғы саусақ бас бармаққа қарама-қарсы келіп, ысқыштың сабын (қалыбын) қысып тұрады. Қалыптың ағашы сүк саусақтың бірінші буынында орналасады да, ортаңғы саусақтан кейінгі үшінші саусақ оған көмекші қызмет атқарады. Төртінші-ең кіші саусақ қалыптың ұстінде дөнгелене иіліп

ысқышты төмен басып, оны ішектің үстінде тұзу жүргізуге септігін тигізіп тұрады. Ісқышты қобыздың тиегінен екі елідей жоғары тұсында ішекке көлденең ұстап, қалыптың жанынан бастап, төменгі жоғары боліктерін айтып ескерте отырып, қол буындарының қимылымен (дыбыстың бір қалыпты әрі анық шығуын қадағалай отырып) батыл жүргізу керек. Ісқышпен дыбыс шығаруды органды «ре», «ля» ішектерінен бастап алу ыңғайлы. Ал төменгі «соль» ішегінде ысқышты тиек деңгейінен төмен түсірмей, шынтақ пен білек буындарын илтеді, оң жаққа қарай тұзу жүргізіп отыруды ескерту қажет. Демек, ішек тиек үстінде бірі жоғары, бірі төмен орналасуына байланысты ысқышты жүргізу бағыттары әр түрлі болмақ. Ісқышты ішектің үстіне дұрыс қойып, оң қолмен салмақ түсіре жүргізіп, таза дыбыс шығара ойнауды бірден үйрену онайлықта түспейді. Ол үшін әр түлі ішектерде бірнеше қайтара тиісті жаттығулар жасап дағылану керек. Үйренуші алдымен дыбыс шығаруда жай екпінде (темп) ысқышпен ашық ішектерде жүргізуден бастау керек. Бірте-бірте ойын бір салаға келтіріп, нота ұзақтықтарын есеппен санап ойнауға машықтансын.

П – белгісі ысқышты төмennен жоғары қарай (оңға) ойнау бағытын көрсетеді.

V – белгісі ысқыштың жоғарыдан төмен (солға) ойнау бағытын көрсетеді. *Сол қол*

аусақтарының дұрыс қойылуын үрету.

Сол қол саусақтарының қимыллы қобыз аспабының өзіндік ерекшелігіне қарай лайықталып қалыптасуы керек. Ішекті басуға саусақтарды жаттықтыру үшін, қолдың бас буынын білекпен бірдей, тұзу қойып, иықтарды көтере, екі қолдың шынтақтарын екі жаққа жая, қолтықтырын аша денеден алшақ ұстап, орындыққа нық отыруға дағыландыру керек. Бас бармақ қобыз мойнының сырт жағында еркін жылжып, үшінші саусаққа қарама-қарсы орналасады, ал қалған төрт саусақ бармаққа қарама-қарсы, ішектің үстінде тұрады. Ал ойнау кезінде саусақтардың тырнақ көбесімен ішектің жанынан басып отыру арқылы дыбыс шығару керек. Сол қол буынын қатайтпай бос ұстаған жөн.

Дыбыстың таза шығуына окушының зейінің аудара отырып, саусақтарды ретімен, дұрыс қимыл жасауға дағыландыру үшін мынадай әр түрлі әзірлік жаттығу жасатылады:

Бірінші, екінші, үшінші, төртінші саусақтармен, біртіндеп алма-кезек басып шығаруға жаттықтыру. Ол үшін баспалдақтан төмен түскен тәрізді (1,2,3,4) саусақтарды рет-ретімен басуды талап ету керек. Бұл жағдайда саусақтардың қойылу реті мынадай болады:

- 0 – ашық ішек;
- 1 – бірінші саусақ;
- 2 – екінші саусақ;
- 3 – үшінші саусақ;
- 4 – төртінші саусақ..

Қобыз тартудың үстінде екі түрлі жағдайды ескеру қажет; бірі – орындалатын шығарманың, не әуеннің көркемдік сапасы, екіншісі – техникалық өрістері. Гамманың мажорлық, минорлық, хроматикалық түрлерін, ішектен-ішекке, позициядан-позицияға көшуді, жеңіл этюдтарды, аспапқа арналған шағын шығармалармен бірнеше халық әндерімен күйлерін менгеруі қажет.. Сұқ саусақтың міндеті ішектегі ысқыш басылудың дәрежесін реттеу болып табылады.

Оң қолмен ысқышты жүргізгенде көбінесе иықты және иық сүйектерін көтеру қындау болады. Бұл әсіресе ысқыш сонында ойнағанда байқаoadы, бұған жол бермес үшін ысқышты дәл көлденең, қолдың табиги қозғалысымен жүргізу керек. Тұтқа жағында ойнаған кезде иық және иық сүйектері толық түсіріліп және босатылуы қажет.

Дұрыс және жақсы дыбыс шығару сыры оң қолдың барлық буындарының бір-бірімен дұрыс байланысты қимылдауында жатыр.

Интонация – музикалық дыбыстардың таза және дәл орындалуы. Алғашқы сабактан бастап–ақ окушыны интонацияны дұрыс ойнау сезімін қалыптастыру керек, ейткені ол аспапта ойнаудың басты шарты болып табылады.

Дәл интонация негізгі үш себепке байланысты:

-Өуеннің қалай дыбысталатынын дұрыс білу, яғни дыбыс биектігін ішкі музикалық–тындаушылық түйсікпен түсіну;

-Интонация тазалығын тындаі отыра қадағалау (тындал, өз ойынына интонация тазалығы түрғысынан баға беру);

-Сол қол саусақтарының дәл қозғалуына әсер ететін ойын дағдылары мен шеберлік әдістерін дұрыс орындау.

Музикалық – тындау дағдылары ән айту – сольфеджиолау нәтижесінде дамиды. Сондықтан алғашқы пәндерде–ақ аспапта қарапайым мелодиялық тізбекті интонациялауды сольфеджиомен кезектестіріп отыру қажет.

Штрих түрлері.

Штрихтар музикалық мәнерлілікті жеткізуде ең маңызды құрал болып табылады. Штрихтік шеберлікте штрихтерді екіге бөледі:

1. негізгі;
2. аралас штрихтар

Негізгі штрихтар үш түрге бөлінеді: сазды немесе созылмалы; қысқа немесе үзілмелі; секірмелі немесе лақтырмалы;

Сазды немесе созылмалы штрихтар:

- деташе,
- легато,
- портато;

Қысқа немесе үзілмелі штрихтер:

- мартле,
- нық стаккато,
- «Виотти-штрих»;

Секірмелі немесе лақтырмалы штрихтер:

- спиккато,
- үшпалы стаккато,
- рикошет.

Деташе – ноталар бірінен соң бірі байланыспайды, әрқайсысы бөлек бірқалыпты орындалатын штрих. Тез темпте штрих қысқа, ал жәй темпте ұзын болады. Бұл штрихқа ысқыштың қозғалу бағытының сазды ауысуы және әрбір дыбыстың басталуы тән.

Деташенің бірнеше түрі бар:

1. Кең деташе.
2. Қысқа деташе.

Легато – ысқыштың бір қозғалысына бірнеше дыбыс орындалатын штрих. Легатоны орындау үшін бұл штрихпен қунделікті көп дайындалу керек. Ысқыш бағытында ноталар саны бірдей болғанда дыбыс күшейген сайын ысқыш бөлігі бірте-бірте ұзарады, ал, бәсендегенде қысқарады, осылай легато штрихын дамытып, нығайтып, оқушы этудтермен жұмыс істеуге дайындалады.

Стаккато – қысқа мартле штрихтары бірігіп, бір бағытта орындалатын үздік-создық штрих. Әдетте қобызда стаккатоны ысқыштың жоғары бағытында орындаиды. Стаккато штрихымен жұмыс істегенде ысқышты сұқ саусақпен шамалы басып нотаның дыбысталуы кезінде буынды жұмсақ әрі созыңқырай итеріп және итеріп болған соң ысқышты жайлап жүргізіп шығу керек.

Мартле – штрихы деташе штрихының бір түрі. Деташе штрихынан айырмашылығы дыбыс өткір, үздік-создық шығады. Мартле қыын штрихтарының бірі. Бұны үйрену басқа штрихтарды үйренуде көмек болады. Музыкалық шығармаларда бұл штрих жеке-дара, және басқа штрихтармен арапас та кездеседі. Әрбір дыбыстан соң дыбыстың жалпы ұзақтығының жартысына тен үзіліс жасалады. Үзіліс кезінде босаған қол келесі екпінге дайын болуы керек.

Сфорцандо – жігерлі екпін.

Тремоло – орындаулың эффектілі әсері.

Портаменто – легато мен стаккатоның арасындағы аралық штрих.

Трель - әдісі европалық аспапта да негізгі дыбыс пен оған көрші дыбыстың алма-кезек тез алынуы арқылы жасалады.

Глиссандо – қобyz күйлерінде көп кездесетін орындаушылық тәсіл дыбыстан дыбыска көшкенде саусақты ішектің бойымен сырғыта жылжыту арқылы алынады.

Пиццикато – европалық ысқышты аспаптарда дыбысты ысқышпен емес, саусақпен шертіп ойнау тәсілі.

Мелизмдер – музыкалық шығарманың жеке ноталарын немесе әуеннің белгілі бір айналымдарын құбылту, түрлендіру үшін қолданылатын арнайы таңбалар. Оларға форшлаг, трель, мордент және группето таңбалары жатады.

Форшлаг дегеніміз – ұзақтығы негізгі өлшемнің ішіне еніп, жылдам ойналатын, белі көлденеңінен сызылған сегіздік не он алтыншың ұзақтықтар. Форшлаг майда нотамен белгіленеді. Жалауы мен жалаушасы жоғары не төмен қарап жазылады.

Мордент дегеніміз – негізгі дыбысты оның қасындағы жоғары не төмен дыбыстармен жалғастыра орындау. Мордент қысқа және ұзақ болып екіге бөлінеді. Морденттің ұзақтығы әр уақытта негізгі дыбыстың өлшеміне сай болады. Қысқа морденттің өзі екіге бөлінеді. Оның біріншісі – қарапайым мордент, ал екіншісі – сызылған мордент.

Қарапайым мордент жоғары қосалқы дыбыстың көмегімен орындалады.

Сызылған мордентті орындағанда төменгі қосалқы дыбыс алынады.

Группето - негізгі дыбыска қосалқы бірнеше дыбыстарды қосып орындау. Группето төрт дыбысты және бес дыбысты болып екіге бөлінеді. Группетоның үстіне қойылған альтерация белгілері – жоғары қосалқы дыбыска, ал астындағысы төменгі қосалқы дыбысқа қатыста болады.

Фермата белгісі нотаның үстіне немесе астына қойылады.

Флажолеттер – ішектің белгілі бір бөлінген жеріне саусақтың шамалы жақындауының нәтижесінде алынатын дыбыстар.

Музыка көркемдік, әсем саздар шығаруында музыканың көптеген зандары, ерекшеліктері, көркемдік қасиеттерінің бір салада, бір бағытта үн қосып, адамға эстетикалық азық беруі –

өзінше бір табиғи құбылыс.

Гаммалармен жұмыс

Гаммалар- қоңыз техникасының барлық элементтерін дамыту құралы. Олар түрлі тональностерге таза дауыс ырғағымен интонациясын, нақты артикуляцияны, саусақты жүгіріп тұруын, тұрақты дыбысты және оның динамикасын дамытады. Позициядан-позицияға ауысу, ықышпен ішектерді ауыстырудың дайындықты, қос ішекте ойнаумен әр түрлі тәсілдік техниканы дамытуды жетілдіру үшін өте маңызды.

Оқытушы гаммалардың пъесалар мен концерттерді үйрену үшін дайындық материалы екеніне, олар қындық туғызу үшін емес, олардан босату үшін арналғандарына оқушының көзін жеткізу керек.

Этюдтер

Этюд- орындаушының техникасын арттырып, шеберлігін шындау үшін арнайы машиқтануға арналған шағын шығарма. Этюд гамма арпеджиомен қатар, оқушының техникалық дамуына көмек беріп, орындаушылық өнерді дамытуға көмектеседі.

Әрбір жарты жылдықта этюдтер әр түрлі техникалық әдіспен емтихан ретінде тыңдалуы қажет. Бұл этюдерді ұстаз алдын ала берілген шығармаларды меңгерудегі үлкен әдістемелік құрал ретінде пайдаланады. Негізі мұндай шығармаларды көбіне скрипка аспабына арналған оқулықтардан алғып пайдалануға болады.

Оқу процесіндегі қүйлердің тиімділігі.

Қоңыз үйрету барысында техникалық емтихандарда домбыраға арналған қүйлерді қоңызшыларға міндетті түрде ойнату қажет. Қоңыз бен домбыра атадан балаға мирас болып жеткен көне аспаптарымыз. Ұстаздар болашақ қоңызшыны музикалық оқу орындарда жеке әртіс, ұстаз немесе оркестрант болуға тәрбиелейді. Мектеп, колледж бітірушілердің барлығы бірдей жеке орындаушы бола алмайды.

Корытынды

Дарында оқушыны қоңыз өнеріне сауатты, биік шығармашылық деңгейге жеткізу үшін, музика мектептерінде бір аптада берілетін сағаттық апталық жұктеме дарынды бала үшін аздық етеді. Шығарма курделенген сайын, оқушымен көп жұмыс істеуге тұра келеді. Менің тәжірибелемде егер ата-анасы қарсы болмаса аптасына 5-6 рет қосымша сабактар өткіземін. Балалардың деңгейі өсіп жан-жақты тәрбиелеу мақсатында дамыту жұмыстарын жүргіземін. Балаларды байқау-фестивальға қатыстырып шеберлік деңгейлерін шындау мақсатында жұмыстану. Әр балаланың деңгейі әртүрлі. Әр балаға жас ерекшелігениң қарай әдіс-тәсілдерді қолдану. Үлкен жетістікке жету үшін әр балада жеке аспабы болу қажет. Қоңыз аспабында шебер ойнау үшін оқушының бойында :

1. Әуенді есту қабілеті жоғары .
2. Ірғақ қабылдау қабілеті жоғары .

3. Аспапты менгеруге деген ынтасты жоғары болу керек, сонда оқытушы- ұстаз да үлкен жетістікке жетеді деп ойлаймын. Тиімді оқыту әдіс- тәсілдерін қолдана отырып үйрету үлкен жетістікке жетуге, әр түрлі өнер сайыстарында өзін биік дәрежеде көрсете алуына жол ашады.

Бұл нәтижеге жету үшін 1-сыныптан бастап баспалдакты түрде жұмыс жасау керек. Адамды рухани рахаттандыратын шынайы көркем шығармаларды тыңдалап үйрену-үлкен өнер.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Д.Тезекбаев. Қобыз үйрену мектебі. Алматы 1980 ж.
2. Б.Қосбасаров. «Қобыз өнері», Алматы «Санат» 2001 ж.
3. F.Молдакәрімова «Қобыз үйрену мектебі». Алматы, «Жазушы» 2004 ж.
4. Коган И. Штриховая техника кобызиста. – А.: Білім, 1980 ж.
5. Д.Тезекбаев Қобыз сарыны – РБК, 1997 ж.
6. З.Бисембаева. Қобыз аспабын үйретуге арналған оқу-әдістемелік құралы. Алматы, 2006 ж.

Әдістемелік баяндама

«Киелі аспап қобыз арқылы қазақ халқының тарихын, музикалық мәдениетін, ұлттық музикасасын насхаттай отырып, музикалық білімін жетілдіру»

«Музикалық колледж-дарынды балаларға арналған музикалық мектеп-интернат кешені» ММ

Базарханова Гульнаز Канатбековна

Өзектілігі: Әдістемелік баяндамасында автор ақпаратты дәстүрлі халық аспаптарында, атап айтсақ, қобызда ойнауды, оқытуда қажетті музика білімін насхаттау ретінде қарастыруды ұсынады. Тақырып білім беру процесінде ұлттық аспап музика тарихының дамуына байланысты өзекті болып табылады, бұл оқу әдістемелерін жаңарту және заманауи ресурстар арқылы оқушының ұлттық аспабына деген қызығушылығын арттыру маңызды болып табылады.

Әдістемелік деңгейі: Заманауи ақпараттарды қолдана отырып, оқу-әдістемелік процесті ұйымдастырудың жаңа тәсілдерін жариялаудан тұрады. Айта кетсек баяндама музиканың мәдениетін шығармаларыды өңдеу және талдау үшін бағдарламаны қамтамасыз ету. Жұмыс дәстүрлі түрде халықтық аспаптарда ойнауды үйретуде қолданылмаған технологияларды қосуға көрінеді. Музикалық редакторлар мен оқу бейнематериалдары сияқты бағдарламаларды қолдану окуда жаңа көкжиектер ашады және оқушыларға музикалық шығарманы және оның ерекшеліктерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Гылыми мазмұны: Баяндаманың мазмұны оқытушының гылыми-зерттеу қызыметінің нәтижесі болып табылады, ол ақпаратты технологияларды қобызда ойнауды оқытуға енгізу мүмкіндерін мұқият талдады. Зерттеу барысында автор музиканы жазу және талдау бағдарламаларын қолдау орындау техникасын жақсартуға және оқушылардың музикалық қабылдауын көмектесетінін көрсетті.

Ішкі бірлікті бағалау және жұмыстың әдістемелік негізін сипаттау баяндамасы: теориялық білімінің практикалық қолдануымен байланысын тиімді көрсетеді, бұл окуды тиімдірек етеді. Ақпараттық технологияларды қолдану оқушыларға аспапты жақсы менгеруге, әр түрлі музикалық формаларды тануды және ойнатуды үйренуге көмектеседі.

Жұмыстың негізділігі мен сенімділігі дәрежесі бейне және аудио материалдарды қамтитын мысалдармен, сондай ақ осы технологияларды оқытуда практикалық қолдану тәжрибесімен расталады.

Қортындылар мен ұсынымдар: Бұл еңбекте қобыз аспабын үйрету мақсатында аспапты ұстау, он, сол қолдың қойылуы, оқушының музикалық қабілеттерін, дыбыс мәдениетін дамыту сияқты маңызды мәселелер қаралған. Қазіргі заманға сай жалпы ғылымды, білім беру үдерісінің жаңа технологиясын менгерген.

Рецензент Канаева А.Б.

Педагог-зерттеуші

«Музикалық колледж-дарынды балаларға арналған музикалық мектеп-интернат кешені»
ММ

Әдістемелік баяндама

«Киелі аспап қобыз арқылы қазақ халқының тарихын, музикалық мәдениетін, ұлттық музикасын насихаттай отырып, музикалық білімін жетілдіру»
«Музикалық колледж-дарынды балаларға арналған музикалық мектеп-интернат кешені» ММ-нің арнайы пәндер оқытушысы
Базарханова Гульнаز Канатбекқызы

Тақырыптың өзектілігі: Қазақ халық аспабында ойнауды оқытуды процесіне ақпараттық технологияларды енгізу тақырыбындағы баяндама, әсіресе қазіргі заманғы білім беру технологиялары жағдайында өте өзекті болып табылады. Қазіргі заманғы білім беру әдістемелері дәстүрлі оқытуды инновациялық тәсілдермен интеграциялауды талап етеді және қазақ халық аспаптарын оқытуда ақпараттық технологияларды пайдалану.

Презентацияның құрылымы мен логикасы есеп құрылымдалған және қисынды. Онда қобыз ойынын оқытуда ақпараттық технологияларды пайдаланудың негізгі аспектілері нақты көрсетілген. Баяндаманы толық және практикалық сәттері қарастырылады. Автор аспапта ойынды тиімді менгеру үшін қандай технологияларды қолдануға болатынын егжеттегжейлі түсіндіреді, сонымен қатар тақрыпты тереңірек түсінуге ықпал ететін сәтті тәжрибелердің мысалдарын көлтіреді.

Жұмыстың ғылымилығы: баяндамада қолданылатын технологиялардың оң әсерін болатынына сенімім мол. Мысалы мультимедиялық мысалдар немесе бейнесабактар ойны техникасы немесе музикалық интерпретация сияқты белгілі дағдыларды дамытуға көмектесетін қарастыруға болады. Сондай-ақ осы әдістердің тиімділігін растайтын тиімділігін зерттеулерді немесе деректерді ұсыну пайдалы болар еді. Жалпы әсер баяндама қазақ халық аспабында ойнауды оқытудағы ақпараттық технологиялардың рөлі туралы нақты және сенімді түсінік береді. Бұл музика мұғалімдер үшін де білім берудегі заманауи әдістермен тәсілдерге қызығушылық танытатын зерттеушілер үшін де пайдалы. Дегенмен технологияларды қолданудың олардың оқушыларға әсерінің нақты мысалдарын көлтіру ұсынылады.

Рецензент Утемисова С.Р. Умет-
Педагог-эксперт
«Музикалық колледж-дарынды балаларға арналған музикалық мектеп-интернат кешені»
ММ